

8. Chagirov I.A., Matveeva V.N. (1972) Сравнительные породные данные о толщине кожи и густоте волосяных фолликулов у тонкорунных овец (Comparative data on breed skin thickness and density of hair follicles of fine-wool sheep) // Сб. Морфогенетика с.-х. животных. Тр.Ин-та экспериментальной биологии. Алма-Ата. С. 82-91. (in Russian).

Махатов Б.М., Бегембеков К.Н., Кулманова Г.А., Альжаксина Н.Е.

ҚАЗАҚТЫҢ ЕТТІ-ЖҮНДІ БИАЗЫЛАУ ЖҮНДІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОСЫ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЖАБЫН ТЕРІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚОЙ ТЕРІСІНІҢ САПАСЫ

Қазақтың етті-жүнді биязылау жүнді (ҚЕБЖ) және оңтүстік қазақ мериносы (ОҚМ) тұқымдары қойларының терісінің ішкі құрылымы мен ондағы әртүрлі құрылымдық элементтерінің қалыптасуының малдың жасына қарай ерекшеліктері олардан алынатын жартылай фабрикалардың физикалық-техникалық қасиеттерінің қанағаттанарлық деңгейде болуын қаматамасыз етеді. Олардан алынатын дайын өнімнің сапасын сипаттайтын тері ұлпасының мықтылығы, жұмсақтығы, төзімділігі, тауарлық ажары, «ауданының шығымы» сияқты морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілерінің тиісті көрсеткіштері малдың өсіру аймағына бейімделгіштігінің белгілі бір пайдалы қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Кілт сөздер: тері, қазақтың етті-жүнді биязылау жүнді, оңтүстік қазақ мериносы, селекциялық белгі, жартылай фабрика.

Махатов Б.М., Бегембеков К.Н., Кулманова Г.А., Альжаксина Н.Е.

ФОРМИРОВАНИЕ, РАЗВИТИЕ КОЖНОГО ПОКРОВА И КАЧЕСТВА ОВЧИН КАЗАХСКИХ МЯСОШЕРСТНЫХ ОВЕЦ И ЮЖНОКАЗАХСКИХ МЕРИНОСОВ

Возрастные особенности формирования структуры кожного покрова и отдельных ее элементов у овец пород мясо-шерстная казахская (МШК) и южноказахский меринос (ЮКМ) обуславливают удовлетворительные физико-технические свойства полуфабрикатов из шкур этих животных. При этом, необходимое качество готовых изделий по показателям прочности кожной ткани, ее мягкости, износостойкости, товарному виду и «выхода площади», отраженными в их соответствующих морфологических и хозяйственно-полезных селекционных признаках способствуют формированию определенных полезных приспособительных качеств животных к условиям зон их разведения.

Ключевые слова: кожный покров, казахские мясошерстные овцы, южноказахские мериносы, признаки, полуфабрикат.

ӘОЖ 587.821.52

Мулдашева А.К., Канатбаев С.Г., Жумагалиева Г.К., Джубанишова Г.Х.

*Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті
Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТҮЙЕЛЕР БРУЦЕЛЛЕЗІ БОЙЫНША ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстан облысы бойынша түйелер бруцеллезіне жүргізілген 2011-2013 жылдардағы мониторингілеу жұмыстарының нәтижесі берілген.

Кілт сөздер: бруцеллез, иммуноферментті талдау, иммуноферментті тест-жүйесі, серология.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы түйелер ауруларының эпизоотиялық жағдайы туралы жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының көпшілігі тек паразитарлық ауруларға арналған және індетті аурулар туралы мәліметтер жеткіліксіз болып келеді [1,2]. Сонымен қатар көптеген мәліметтер түйелерді бағып-күту, көбейту, сұрыптау, өнімін алу технологиясын жетілдіру және қайта өңдеу технологияларына арналған болып келеді [3,4]. Шет елдерде түйелердің індетті ауруларының алдын алу, балау және емдеу жұмыстарын жүргізу мәселесіне орасан зор көңіл бөлінеді. Аталған сұрақпен тек мемлекеттік мекемелер ғана емес, қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз ғылыми-зерттеу орталықтары да айналысуда. Сондықтан да біздің елімізде де түйе ауруларын зерттеумен тек мемлекеттік мекемелер ғана емес, қоғамдық ұйымдар да айналысуы тиіс деп санаймыз [5].

Бруцеллез (brucellosis) – мал шаруашылығына айтарлықтай шығын әкелетін, созылмалы түрде өтетін, өте қауіпті індетті ауру болып табылады. Оның қоздырушылары Brucella туысының бактериялары (B. Abortus, B. Melitensis, B. Suis, B. Neotomae, B. Ovis, B. Canis). Түйе бруцеллезімен күресуге бағытталған шаралар кешені, барлық ауыл шаруашылық жануарларында сияқты балау, сақтандыру және арнайы шаралар ұйымдастыруға негізделеді, бұл шаралар аурудың әрі қарай өршіп, таралуына кедергі болып, аурудан сәтсіз елді-мекендердің санын азайтуға сол арқылы адамдардың да бруцеллезбен зарарлану мүмкіншілігін азайтуға септігін тигізеді.

Қазіргі кездегі түйе өсіру технологиясының айырмашылығы – түйе басы жеке қожалыққа, жеке меншікте, жеке шаруашылық серіктестікке жинақталған. Осындай жеке шаруашылықтардың өркендеуінің нәтижесінде бір жерде әртүрлі мал басы ортақтандырылып бағылуы мүмкін [6].

Зерттеу жұмыстарының мақсаты

Түйе бруцеллезі бойынша эпизоотиялық жағдайы әртүрлі болып келетін жеке шаруа қожалықтарында, атап айтқанда Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданындағы «Хан Ордасы» ЖШС-інде жүргізілді. Батыс Қазақстан облысы бойынша жеке шаруашылықтардағы түйе малының бруцеллезіне эпизоотиялық жағдайына мониторинг жүргізу үшін жалпы белгіленген әдістемелерді қолданып 2011-2013 жылдардағы статистикалық ветеринарлық есеп мәліметтеріне сүйендік.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қан сарысуын серологиялық, иммуноферментті талдау әдісі қолданылды. Қан сарысуы, қан, микроцентрифуга (12000 g), термостат, тоңазытқыш, автоматтық пипеткалар (20, 200, 1000 мкл), пластикалық пробиркалар (0,5 мл және 1,5 мл), пипеткалардың қондырғылары, пенициллинді флакондар немесе әйнек пробиркалар, иммуноферментті тест – жүйесі қорапшасы заттары және т.б.

Зерттеу нәтижелері

Талдау кезінде келесі көрсеткіштер негізге алынды:

- түйелердің бруцеллезбен ауруға шалдығуы облыс бойынша және аудандар бойынша бөліп алынғанда;
- облыстағы шаруашылық субъектілерінде түйе бруцеллезінің таралу деңгейі;
- ветеринарлық-санитарлық және ұйымдастыру-шаруашылықтық шаралардың жағдайы мен сипаттамасы (ветеринарлық санитарлық нысандардың болуы, дезинфекция т.б. жүргізілуі, т.б.).
- Батыс Қазақстан облысының жеке шаруашылықтарында бруцеллездің таралуына септігін тигізетін факторлар.

Батыс Қазақстан облысы аумағында түйелер арасында кең тараған індетті аурулардың бірі бруцеллез болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес Батыс Қазақстан облысында 2011 жылы 3400 бас ересек түйе малы тіркелген, олардың ішінде бруцеллезге қарсы сақтандыру шаралары жүргізілгені 1524 бас, 2012 жылы барлығы 3281 бастың 1520 ғана зерттелген, ал 2013 жылы барлығы 3108 бас түйе тіркеліп, оның 2783 басы зерттеуден өткен. Бұл кезде әр жылда сәйкесінше 20, 23 және 31 бас түйеден бруцеллезге оң нәтиже алынған, бұл сәйкесінше пайыздық көрсеткішпен 1,31%; 1,32% және 1,11% құрайды.

2011 жылы ауданның 6 ауылдық округінің тек 3-еуінде ғана қазақтың бактриан тұқымының түйелері ұсталынатыны белгілі болды және аудандар бойынша (Бөкейорда ауданында 11 бас, жалпы санының 1,50%-ы; Жаңақала ауданында – 6 бас, жалпы санының 1,09%-ы; Казталов ауданында – 3 бас, жалпы санының 4,0%-ы) аталған індеттің белгілі бір белсенділік деңгейінде байқалғанын көрсетті (1 кесте).

Кесте 1 – Батыс Қазақстан облысы бойынша бруцеллезге зерттелген түйе малы бойынша ақпарат, 2011 жыл

№ р/н	Аудандар	Жылдық жоспары	Жыл басынынан өсуі		
			зерттелгені	оң нәтиже бергені	%
1	Ақжайық	30	39	0	0
2	Бөкейорда	600	732	11	1,50
3	Жаңақала	500	548	6	1,09
4	Жәнібек	80	80	0	0
5	Зеленов	50	50	0	0
6	Казталов	50	75	3	4,0

2012 жылы жоғарыда аталып өткен, қазақтың бактриан тұқымының түйелері ұсталынатын 8 ауылдық округтерде, сонымен қатар 3 ауданда аталған індет белгілі бір интенсивтілік деңгейінде таралды (Бөкейорда ауданында 12 бас, жалпы санының 1,64%-ы; Жаңақала ауданында – 8 бас, жалпы санының 1,46%-ы; Казталов ауданында – 3 бас, жалпы санының 4,0%-ы).

Кесте 2– Батыс Қазақстан облысы бойынша бруцеллезге зерттелген түйе малы бойынша ақпарат, 2012 жыл

№ р/н	Аудандар	Жылдық жоспары	Жыл басынынан өсуі		
			зерттелгені	оң нәтиже бергені	%
1	Ақжайық	30	39	0	0
2	Бөкейорда	600	732	12	1,64
3	Жаңақала	500	548	8	1,46
4	Жәнібек	80	80	0	0
5	Зеленов	50	50	0	0
6	Теректі	5	5	0	0
7	Қаратөбе	33	33	0	0
8	Казталов	50	75	3	4,0

2013 жылы зерттелген қазақтың бактриан түйесі тұқымы ұсталынатын 11 ауылдық округтердің ішінде 5 ауданда (Бөкейордасы ауданында – 9 бас, жалпы мал басының 1,23%-ы, жалпы мал басының 2,37%, Жаңақала ауданында – 13 бас, жалпы мал басының 2,37%, Казталов ауданында 4 бас, жалпы мал басының 5,33%, Қаратөбе ауданында – 1 бас, жалпы мал басының 3,03%-ы, Теректі ауданында – 4 бас, жалпы мал басының 80,0%-ында) анықталып, індет сәйкесінше белгілі бір белсенділік деңгейінде таралды (3 кесте).

Кесте 3– Батыс Қазақстан облысы бойынша бруцеллезге зерттелген түйе малы бойынша ақпарат, 2013 жыл

№ р/н	Аудандар	Жылдық жоспар	Жыл басынан өсімі		
			зерттелгені	оң нәтиже бергені	%
1	Ақжайық ауданы	30	39	0	0
2	Бөкейорда ауданы	600	732	9	1,23
3	Жаңақала ауданы	500	548	13	2,37
4	Жәнібек ауданы	80	80	0	0
5	Зеленов ауданы	50	50	0	0
6	Казталов ауданы	50	75	4	5,33
7	Қаратөбе ауданы	33	33	1	3,03
8	Сырым ауданы	20	20	0	0
9	Тасқала ауданы	5	5	0	0
10	Теректі ауданы	5	5	4	80
11	Шыңғырлау ауданы	45	50	0	0

Байқағанымыздай, бруцеллез Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарына айтарлықтай зор экономикалық шығын әкелуде. Мысалы, 2011-2012 жылдары бруцеллездің салдарынан 40-тан астам аналық мал етке тапсырылып, 2013 жылы 31 бас түйе малынан оң нәтиже алынды.

Байқап отырғанымыздай Батыс Қазақстан облысы шаруашылықтарындағы түйе бруцеллезінің эпизоотиялық жағдайы зерттелген үш жылдық кезеңнің ішінде көңіл көншітерліктей бола қоймағанын байқаймыз.

Соңғы 2012 жылда бұрын түйе бруцеллезінен таза болып саналып келген Қаратөбе және Теректі аудандары да бруцеллезден сәтсіз үш шаруашылықтың қатарына қосылды. Бұл аудандарда бруцеллезге тексеру кезінде оң нәтиже берген мал санының арта түскені анықталды. Аурудың байқалу себептерін анықтау барысында ауру анықталған жануарлардың облыстың аурудан сәтсіз шаруашылықтарынан әкелінгені, сәйкесінше ветеринарлық құжаттарының толық болмағаны анықталды.

Қорытынды

Түйелер бруцеллезінен сауықтыру шараларын жүргізу кезінде кемшіліктер қатарына жүргізілетін шаралардың тек қан алып, ауру мал басын анықтау және оларды жоюмен шектелетінін айта кету керек. Облыс бойынша да, аудан ішінде де жануарлар топтарын құру кезінде аурудан сәтсіз шаруашылықтардан әкелінген мал басын бірден жалпы мал тобына бақылаусыз қосып жіберу фактілері орын алатыны да жасырын емес. Сондықтан да 2011-2013 жылдар бойына зерттеу арқылы табылған ауру ошақтарының ірі түйе бағатын шаруашылықтарында шоғырлануы кездейсоқ емес.

Түйе бруцеллезінен сақтандыру және сауықтыру шараларын жүргізу кезінде ауру ошағы табылған аудан әкімінің қатысуымен, медицина бөлімінің, ветеринарлық қызметтің қатысуымен ай сайын ауданның координациялық кеңесін ұйымдастырып, аурудан сәтсіз шаруашылықтарды сауықтыруға қатысты мәселелі сұрақтарды қарастырудың маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Ашетов, И.К. Сезонная и возрастная диагностика распространенности в Западно-Казахстанской области телязиоза верблюда-бактриана/И.К. Ашетов, Н.Т. Абекешев, А.К. Днекешев//Вестник Саратовского госагроуниверситета им. Н.И. Вавилова.–2006.–№3.–С.5-6.

2. Кереев, Я.М. Эпизоотическая ситуация по эхинококкозу верблюдов, собак и человека в Казахстане/Я.М. Кереев, С.У. Шантаев, Л.А. Лидер//Мат.1-го международного ветеринарного конгресса. 10-11 октября.- Алматы, 2002.-С.36-39.

3. Ирзагалиев, К. Организация племенной работы в верблюдоводстве в условиях Атырауской области/ К.Ирзагалиев // Мат.1-го международного ветеринарного конгресса. 10-11 октября.- Алматы, 2002.-С.162-164.

4. Бозымов, К.К. Актуальность производства и переработки верблюжьего молока (шубата) в условиях западного Казахстана/ К.К. Бозымов, Ф.Б. Закирова, А.К. Днекешев, И.Н. Жубантаев //Мат. меж. научно-практ. конф. Актуальные проблемы развития агропромышленного комплекса прикаспийского региона. 22-24мая.- Элиста, 2013.-С.8-10.

5. Абуталип А. Диагностика и профилактика бруцеллеза верблюдов: автореф. ... док.вет.наук. – Алматы, ДГП «НИВИ», 2006. – 48 с.

6. Солоницин М.О. Пальгов А.А. Эпизотологическое значение возрастных групп при бруцеллезе верблюдов // тр. КазНИВИ. 1950г. Т.5. С.68-74.

А.К. Мулдашева, С.Г. Канатбаев, Г.К. Жумагалиева, Г.Х. Джубанишова

ХАРАКТЕРИСТИКА ЭПИЗОТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ ПО БРУЦЕЛЛЕЗУ ВЕРБЛЮДОВ В ЗАПАДНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В данной статье проведен мониторинг эпизоотической ситуации по бруцеллезу верблюдов в Западно-Казахстанской области за 2011-2013 годы.

Ключевые слова: бруцеллез, иммуноферментный анализ, серология, иммуноферментный тест набор.

A.K. Muldasheva, S.G. Kanatbaev, G.K. Zhumagalieva, G.H. Dzhubanysheva

DESCRIPTION OF EPIZOOTIC SITUATION ON BRUCELLOSIS OF CAMELS IN WEST KAZAKHSTAN AREA

In this article, monitoring of epizootic situation is conducted on brucellosis of camels in the West Kazakhstan area for 2011-2013.

Keywords: brucellosis, enzyme – linked immunosorbent assay, enzyme – linked immunosorbent test is a set.analysis.

ӨОЖ 619:616.24.636.3

Нұрғалиев Б.Е., Сарсенова Б.Б., Усенов Ж.Т.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

ЭКОЖҮЙЕЛЕРДЕГІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БИОНЫСАНДАРЫН РАДИОЛОГИЯЛЫҚ ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ластанған аймақтан алынған тауық етінің және жұмыртқасының көрсеткіштері таза аймақтан алынған тауық еті көрсеткіштерімен салыстырылып анықталған. Нәтижесінде таза және ластанған аймақтан алынған тауық етімен жұмыртқасында айтарлықтай ауытқулар байқалмады.